



Ақмешіт

25 қыркүйек
сенбі

№76 (1778)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

GERMANIYADAҒЫ САЙЛАУ: ЖЕҢІСКЕ КІМ ЖЕТЕДІ?

26 қыркүйекте Германияда билікке келетін мемлекет басшысын сайлау өтеді. Қазіргі кезде өз бағын сынаған барлық кандидат үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, өзара дебаттарды ұйымдастырды. Алдын ала дерек бойынша, сайлауда аса белсенділік пен халық қалауына не 3 көшбасшы бар. Алайда кімнің жеңіске жететіні әлі күнге дейін белгісіз. Себебі Германияда жоғары билік тікелей халық таңдауы арқылы емес, федералды парламент – Бундестаг арқылы таңдалады.



Германияда сайлау алдындағы қауырғ жұмыстар жүргізіліп, күллі әлем жұртшылығы жаңа басшыны асыға күтуде. Осы орайда CNN арнасының тілшісі Роб Пичетты Германиядағы сайлау туралы «Меркельден кейінгі өмір қандай болмақ? Немістер тартысты сайлауда шешім қабылдауға дайын» тақырыбында сараптамалық мақала дайындады.

Мақалада жазылғандай, осы жексенбіде германиялықтар сайлау учаскесіне барып, өз таңдауларын жасайды. Бір қызығы екі он жылдықтан кейін кандидаттар қатарында Германия халқына жақын таныс адам, Ангела Меркель болмайды. Негізнен 2005 жылы Канцлер қызметіне кіріскен Меркель Еуропада «тұрақтылық» нышанына айналған еді. Саяси алыпқа айналған химик популизм, қаржылық дағдарыс пен пандемияны өткерсе де, әлемдегі ең табысты әйел-көшбасшы орнын сақтап қала алды.

Дегенмен 67 жастағы Ангела Меркельдің дәуірі сайлаудан кейін бітіп, отставкаға кетеді. Осылайша елді басқару қызметіне жаңа тұлға келеді. Бірақ сайлау жақын болғандымен, нақты кімнің жеңіске жететінін болжау мүмкін болмай тұр.

«Chatham House» халықаралық сараптамалық орталығының Германия елін бақылайтын зерттеушісі Пеппин Бергсеннің айтуынша, 2013 және 2017 жылдардағы сайлауда таңдауға қарағанда билігі сайлаудан кейін неміс саясатында айтарлықтай өзгеріс болуы мүмкін. «Меркельдің ізін басуға тартыс әлі де қарқынды жалғасып келеді. Сайлаудан кейін де жаңа басшыны анықтау үшін 2-3 күн керек болады», дейді ол. Одан бөлек, зерттеуші немістер өз таңдауын қалай жасаса да жаңа басшы ел ішінде және әлемдік деңгейде бірнеше проблемаға тап болады деп болжайды.

Негізінен Меркель бұл сайлауға қатыспайтынын 2018 жылы ауданаралық сайлауда туындаған проблемадан кейін айтқан еді. Ол өз мансабында Улыбританияның 5 министрімен, Францияның 4 президентімен, Италияның 7 премьер министрі мен Американың 4 бас қолбасшысымен жүзге істеді. Бірақ Меркель басқарған тұста елде бірнеше жағымды өзгеріс болып, Германия әлемдік аренада біраз абырой жинағанын ешкім жоққа шығара қоймас.

«Мұның барлығы Меркельдің тұлғалық қасиетіне оң септігін тигізді. Германия соңғы 15 жылда экономикалық тұрғыдан жақсы жетістіктерге жетті. Қаржылық дағдарыс кезінде де жоғары дәрежені сақтап қала алды. Дегенмен бұл ұзақ уақытқа созылмайтынын көпке белгілі», – деді Бергсен арнаға берген сұхбатында.

2010 жылғы босқындар дағдарысы мен Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнатуы Меркельдің мансабына кері әсер етті. Алайда пандемияны өзге еуропалық елдермен салыстырғанда әлдеқайда оңай өткергеннен кейін Меркель көптеген германиялыққа оң пікір қалдырады деп болжайды тілші. Бұған Берлиндегі Халықаралық стратегиялық зерттеулер институтының еуропалық кеңесшісінің өкілі Бен Шреердің «Германияда Меркельге деген оң көзқарас бар. Себебі олар оны тұрақтылық нышаны деп қабылдайды, қандай іс жасайтынын біледі», – деген сөзі дәлел.

Қазіргі кезде Германия саясатында алдыңғы шепте тұрған екі партия бар. Олар соңғы сегіз жыл бойы коалицияда бірге билік жүргізген христианды-демократиялық партия мен социал-демократиялық партия. Алайда бұл сайлауда «Жасылдар» партиясы да бәсекеlestік таңтуға қауқарлы.

Христиан-демократиялық партиядан Меркельдің ізбасары болып 60 жастағы Армин Лашет тағайындалды. Ол – партия төрағасының орынбасары және Меркельдің ұзақ жылдық әріптесі. Бірақ оның кандидат болуы да оңайлықпен жүзеге асқан жоқ. Құқық және журналистика саласында білім алған Лашет Бундестагқа 1994 жылы тағайындалған.

Меркель өз сөзінде Лашетті қолдайтынын және барлық Германия халқын оған дауыс беруге шақырғандымен, сайлаудың сауалнаманың қорытындысы бойынша оған дауыс берушілер саны аз.

Ал Лашеттің басты қарсыласы социал-демократиялық партия атынан сайлауға түсетін Олаф Шольц деп танылды. Лашет те бірнеше жыл бойы германиялық билікке белсенді қызмет етті. Оның қаржы министрі және 2018 жылы Меркельдің вице-канцлері міндетін атқарғаны жаңа кандидат болуға деген мүмкіндігін арттырып отыр.

«АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА»

Қызылорда астана болған тұста Сыр өңірінде елдің ертеңіне әсер ететін тарихи шешімдер қабылданды. Сол тарихи шешімнің бірі – «Түркістан-Сібір» теміржол құрылысын салу туралы шешім. Бүгін «Ақмешіт Қызылорда болғанда» айдары бойынша Сыр өңіріндегі шойын жол тарихына шолу жасағанды жөн көрдік.

VI СЪЕЗД ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫ: «Түркістан-Сібір» теміржолын салу туралы шешім



Өткен ғасырдың басында, дархан даламызда негізі қаланған Түркістан-Сібір теміржолының құрылысы, біртұтас халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын дәлелдеп бергендей болды. Тосын жаңалықтың ел болашағына әкелер орасан зор пайдасынан үміттенген көпшілік халық, машақаты көп жұмысты асқан төзімділікпен, сом балға, құрыш қайланың күшімен атқарды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде 20-шы жылдардың өзінде Қазақстандағы теміржолдың жалпы ұзындығы 2500 шақырымнан асып кеткен болатын. Ел мен елді жалғастыратын шойын жол шежіресі осылай басталды.

3 бетте

ҚОЛТАҢБА

Мұз үстіндегі із



Отбасы мүшелері ойласа келе бүлдіршінді күн сайын мұз айдынына жаттығуға апаруға келісті. Ағасы Тимурмен бірге барады. Әлжуаз да нәп-нәзік бүлдіршіннің ширауына спорттың пайдасы болмаса, зияны жоқ. Осылайша 4 жастағы титімдей қыз аяғына коньки киді. Осындай шешім қабылдаған ата-ана кішкентай бүлдіршіннің бір кезде әлем назарын өзіне аударып, тамсана тәнті болар мұз ханшайымына айналғанын сол сәтте білген жоқ. Тіпті оны ойламады да десек артық болмас. Себебі сол кезде ата-ананы алаңдатқаны тек оның денсаулығы еді... Анасы Падишахан қызын аман-есен бауырына алғанда сүйікті актрисасы Элизабет Тейлордың есімін қояды. Ананың аппақ ниеті мен тілегі ғой бұл. Мәскеуде 2000-шы жылы дүниеге келген сәби Элизабет есімі аз уақыт ішінде әлемге танылып, қазақ елінің туын биікке көтеретінін ешкім де білмеді.

4 бетте

ТОЙ ТӨРІНДЕ «ҚАУІПСІЗ» ҚОНАҚ ОТЫРАДЫ

Бұдан былай солай болғалы тұр...

Қалай дейсіз бе? Негізі тойдың төрінде ақсақалдар, құда-жесқат, ағайындар, яғни құрметті қонақтар отыратын. Биыл 27 қыркүйектен бастап «қауіпсіз» қонақтар төрге жайғаспақ. Олар кімдер? «Ashyq» қосымшасы бойынша «қауіпсіз» мәртебесі барлар. Иә, дәл осылай деп денсаулық сақтау министрі Алексей Цой мәлімдеді.

Елді жайлаған індет келгелі халық не көрмеді? Сырттай қарасаңыз, көзге көрінбейтін шайқас секілді... Үлкен-кішісі бар, карантин деп бірнеше ай бойы жаппай үй қамақта жатты. Той тоқтады, асаба, әнші-бишілердің жұмысы алға жылжымай қалды. Халық та бір-бірімен емен-жарқын араласуды қойды. Шектеу деп біраз нәрсеге тыйым салынды. Той мен құдайы асқа жиналатын халық саны азайды. Себебі бәрине денсаулық керек.

2 бетте



«100 Жаңа оқулық»: Әлемнің үздік шығармаларын қазақ тілінде оқимыз

ҚР Мемлекеттік хатшысы, ҚР Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Қырымбек Көшербаев Ұлттық комиссияның кеңейтілген мәжілісіне қатысты. Онда «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы арқылы жарық көрген «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының таныстырылымы өтті.

Қырымбек Көшербаев өз сөзінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен өмірге келген «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасының қоғам үшін маңызды, кешенді бастама екенін айтты. Бағдарлама аясында бірнеше ауқымды жоба іске асты. Олар еліміздегі ғылым-білімді, қоғамдық сананы жаңа деңгейге көтеруге сеп болуда. Осы мақсатта Қазақстанның интеллектуалдық тарихында бұрын-соңды болмаған көлемді ғылыми аударма жобасы жасалды.

2 бетте

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Қызылорда қаласы әкімдігінде қала әкімі Ганибек Қазантаевтың қатысуымен аппарат мәжілісі өтті.

Ғ.ҚАЗАНТАЕВ,
қала әкімі:



«БЮДЖЕТ ТОЛЫҚ ИГЕРІЛУ КЕРЕК»

Жиында қала басшысы ең алдымен қаладағы кадрлық өзгерістермен таныстырды. Осыған дейін қала әкімінің орынбасары қызметін атқарған Аскарбек Есжановтың өзге қызметке ауысуына байланысты «Құрмет» грамотасын табыстап, жаңа қызметіне сәттілік тілеп, шығарып салды. Содан соң қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы қызметін атқарып келген Дәулетбек Өздірасуловтың жаңа қызметіне сәттілік тілеп, қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады.

Сондай-ақ жиында жаңа тағайындалған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бауыржан Оспановпен қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Өзірбекті таныстырды. Сонымен бірге Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы болып полковник Алмас Чункунов тағайындалды.

2 бетте

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ЦИФРЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ҚАЖЕТТІЛІК НЕ ДЕН ТУЫНДАДЫ?

3 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VI Шығыс экономикалық форумының мәжілісіне онлайн режимде қатысып, форумда бірнеше мемлекет өзара ынтымақтастық-экономикалық келіссөздер жүргізді. Сол жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен бірге Қазақстан Үкіметі мен СБЕР компаниялар тобы арасында цифрлық трансформация, цифрландырудың платформалық моделіне қошу жобалары мен Data-Driven Government тұжырымдамасын жүзеге асыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсіміне қатысты.



2 бетте

4 бетте

Ғ.ҚАЗАНТАЕВ, қала әкімі:

«БЮДЖЕТ ТОЛЫҚ ИГЕРІЛУ КЕРЕК»

Мәжілістің күн тәртібінде төрт мәселе қаралды. Ең алдымен қалалық қаржы бөлімінің басшысы Сейтмахан Айтменов бюджет қаржысының биылғы 9 ай қорытындысымен болжамды игерілуі туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, бүгінде бөлінген қаржы толық игерілмей отыр. Оған бірқатар салалар бойынша кедергілер барын жеткізді. Осыған орай қала әкімі бөлім басшысының баяндамасына қанағаттанбай, жұмысын сығға алды.

дастыру жөнінде қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязов баяндама жасады. – Биыл қала күніне арналған мерекелік іс-шараны 23-28 қазан аралығында 1 апта өткізу жоспарлануда. Бұл мереке карантиндік режимге байланысты санитарлық нормаларды сақтап өткізіледі. Биыл қала күні мерекесін арнайы 6 күнмен атап өткізу көзделуде. Атап айтсақ, «Спорт», «Білім», «Қайырымдылық», «Ауыл шаруашылығы», «Тазалық», «Мә-



– Бюджет қаражаты толық игерілу керек. Алайда жұмыстың сапалы орындалуына назар аударыңыздар. Қаржыны игеру қажет деп сапасыз дүниелер шығып жүрмесін. Қала тұрғындарынан жүргізілген жұмыстарға көңіл толмаушылық сынды шағымдар түспеуі керек» – деді қала әкімі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – биылғы жылдың 9 айындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамды көрсеткіштері. Бұл жөнінде толығырақ қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова баяндады. Бөлім басшысының айтуынша, Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы төмендегі көрсеткіштермен сипатталады.

Биылғы жылдың қантар-тамыз айларында өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 350 400 млн тенге, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 98,6 процентті құрады. Бүгінде облыста атқарған құрылыс жұмыстарының 72,7 проценті Қызылорда қаласының үлесінде. Байдалануға берілген тұрғын үйлер белгі-тырмен салыстырғанда 117 процентті құраған.

Осыған орай қала басшысы алдағы уақытта жұмыс тиімділігін арттырып, 100 процент нәтиже көрсетуді тапсырды.

Кезесу барысында жыл сайын тойланатын «Қала күні» мерекесін ұйым-

дениет және руханият» күндері деп әрбір күннің өз атауы болады. Сондай-ақ қала күні аясында түрлі деңгейде мәдени іс-шаралар ұйымдастырылмақ, – деді бөлім басшысы.

Өздеріңізге белгілі, елімізде көктем мен күзгі мезгілде әскери қызметке шақыру жүргізіледі. Аппарат мәжілісінің күн тәртібінің төртінші мәселесі осы төңіректе өрбиді. Қалалық қорғаныс істері басқармасының бастығы Алмас Чункуновтың айтуынша, қала бойынша мерзімді әскери қызметке шақыру төмен деңгейде ұйымдастырылуда.

Мәселен, көктемде дәрігерлік сараптама комиссиясына 343 әскерге шақырылушы келген. Алайда 143 азамат қана әскер қатарына алынып, 71,8 процентті орындаған. Себебі ата-аналардың басым бөлігі балаларын әскерге жібермеу үшін түрлі сылтау айтып, алып калуға тырысады екен. Десе де қала әкімі жана келген сала басшысына күзгі мерзімдегі әскерге шақыру жұмысын толық орындауды тапсырды.

Мәжіліс соңында қала әкімі сала басшыларына жүктелген тапсырманы тиянақты орындап, жүйелі жұмыс істеуді және қала күнін атап өтуде сақтық шараларың қатаң сақталуын тапсырды. Сондай-ақ берілген тапсырмалар алдағы уақытта өз бақылауында болатынын ескертті.

Басы 1-бетте

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

ТОЙ ТӨРІНДЕ «ҚАУІПСІЗ» ҚОНАҚ ОТЫРАДЫ

Кешегі той...

Той қашанда халықтыкі. Ағайынға «кемегі болсын, менің де тойымда қайтар» деп той болмас бұрын ортаға малын салатын. Абасын-ажын шүйірлесіп, тойдың боладысын жаналық қылып жеткізіп, желініп жүретін. Жас келіндер осындай кәсіп бір көрініп қалайын дегендей жол құстары қызмет көрсетіп, үлкендердің батасын алатын. Ағайынмен сағынысып көрісіп, әулеттің балаларын «айналайын» деп бетінен сүйетін. Ақсақалдар төрді толтырып, жасы кіші қонақ күтіп, әулеттің бауыр-малдығын, барлығын, көргендігін көрсететін. Міне, қазақтың тойы осындай болатын.

Жұрт жақсылыққа желкендігі, өсіп-өнгені осы тойында дәлелдейтін. Кешкісін жастар бас қосса, күндіз қарттары жиналып, дастарқанан дом татып, батасын беріп тарқасатын. Заманы бір құрдастар, әңгімесі жарасатын қатарластар думандатып, тойдың сәнін кіргізетін. Құстың сүтінен басқаны дастарқанға қою міндет емес еді. Бірақ «бір тойым бар» деп жүрген той иесі тартынып қалмайтын.

Бүгінгі той...

Қазір той жасаушылар тойға кететін қаржысынан бұрын «мобильді топ тексеріп келмей ме, ұсталып қалмаймыз ба?» деп алаңдайтын болды. Иә, бүгінгі индеттің салдарынан той иелері осындай топты да көріп келеді. «Ағайын, менің ұлым үйленіп жатыр немесе қызым ұзатылуда», деп сыртқа сүйінілеудің орыны үндемей, қайта жабық түрде жасауды жөн көрді. Адам саны азайды. Кешегі тойлар секілді «бәрін шақыру керек»

Тілші түйіні:

Лайым, той тоқтамасын. Жастар бас қосып отау көтерсін, сәби дүниеге келіп, қазақтың әрбір шаңырағын шаттыққа бөлесін. Бірақ «рұқсат берді екен» деп шектен шықпай индетті қайта өршітпін алмасақ екен деген ой, біздікі... Тойды сағынған, тойға баратын «қауіпсіздерге» айтарымыз, сақтану қажет екені ұмытпаған абзай.

Басы 1-бетте

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

Бұл құжатқа Қазақстан тарапынан Премьер-министр Асқар Мамин, Ресей атынан «Сбербанк» ЖАҚ басқарма төрағасы Герман Греф қол қойды. Бұл жобаны Мемлекет басшысы екі мемлекеттің өзара сенімділігін білдіретінін айтып, сипаты жағынан шын мәнінде стратегиялық бастама екеніне тоқталды.

– 15 жылдан астам уақыт біздің нарықта табысты жұмыс істеп келе жатқан СБЕР-дің қазақстандық мемлекеттік технология сияқты аса маңызды сала арқылы жан-жақты ете түседі. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды қадам. Бұл стратегиялық жобаны жүзеге асырылуы Қазақстан азаматтарының тұрмыс сапасын арттыруға және бизнес-климаты

СБЕР барлық қолжетімділікті бере отырып, барлық компоненттердің бастапқы кодтарын көрсетеді және барлығын Қазақстандағы серверлерге орналастырады деп келісті», – деді Мусин.

Сондай-ақ бұл бастамаға бөлінетін 500 млн доллар қаражаттың барлығы СБЕР-ге берілмейтінін айтты. Бұл қаражат есебінен жергілікті IT салаға инвестиция құйылып, екіншіден инфрақұрылымдық шешімдерге жұмсалса, үшінші бөлігі СБЕР-ден шешімнің өзін сатып алуға арналмақ. Одан бөлек, бұл платформаны енгізуге қазақстандық IT мамандар да міндетті түрде қатыстырылмақ.

Алайда отандық IT мамандардың бұл жобаны қолға алудың маңызы жоқ екенін алға тартып отыр. Елдегі IT саланың мамандары eGov платформасын алмастырудың қажеттілігі жөнінде бұ-

министрлігі және 40 шақты Қаржы министрлігіне тиесілі жүйе барын айтты. Міне, осы жүйенің барлығын бір жүйеге жинақтау мақсатында бұл жобаның қолға алынғанын жеткізді.

Ал «Ақ жол» демократиялық партиясының депутаты, мәжілісмен Мақсат Раманқұлов «Бүгінгідей ақпарат ғасырында IT қауіпсіздік –тәуелсіздіктің маңызды факторы», – деп, министрліктің қолға алған жобасы үшін алаңдаушылық білдірді.

– Қазақстан Үкіметінің Ресей Сбербанкімен цифрлық үкімет платформасын құру туралы келісімі қоғамда үлкен дау тудырды. «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы өткен жылдары жекелеген министрліктердің, жалпы алғанда цифрлық даму мәселесінің ақпараттық жүйелер жұмысындағы сәтсіздіктерін

тіімсіз жұмсалғанын мойындау ма, солай болса ол тіімсіз жұмсалған қаражаттың жауапкершілігі кімнің мойнында?» деген сауал қойды.

Халық арасында алаңдаушылық тудырған бұл жоба сонда да өз мақсатына жетіп, 20 қыркүйекте Қазақстан Үкіметі мен «Сбербанк Россия» жария акционерлік қоғамының арасындағы меморандумға қол қою туралы Үкімет қаулысы жарияланды. Онда ҚР Үкіметі Цифрлық трансформация мен цифрландырудың платформалық моделіне көшуге мүдделі екені айтылған.

«Қазақстандық бағдарламалық қамтылған әзірлеушісі – «BTS Digital» ЖШС (ҚР Үкіметінің 40 процент үлесі бар ERG тобының еншілес компаниясы) цифрлық платформалық шешімдерді жасау ісінде технологиялар, тәжірибесі мен құралдары бар «СБЕР» компаниялар тобының стратегиялық әріптесі болып айқындалды.

Жалпы тәжірибедегі тең құқықтық, ізгі ниет, құрмет пен сенім негізінде әрекет ете отырып, СБЕР компаниялары тобының стратегиялық әріптесінің және «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Қазақстан Республикасына тиесілі бейімді ұйымдарының қатысуымен жобаны іске асыру үшін арнайы консорциум құру туралы шешім келісілді», – делінген құжатта.

Меморандум аясында жыл соңына дейін «Сбер», BTS Digital және оның үлестес тұлғасы арасында GovTech платформасын мамандандырылған деректер орталығының базасында орналастыру үшін қорғалған динамикалық инфрақұрылым құру туралы келісімге қол қою жоспарланған. Одан бөлек, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мен «Сбербанк» ЖАҚ арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен «ҰАТ» АҚ-ға несиелік желі беру туралы келісім жасалмақшы. Несиелік желі Ресей рублімен, 2022 жылдың бірінші тоқсанының соңында дейін 500 млн доллар көлемінде берілімек.

Құжат бойынша СБЕР компаниясы өз тарапынан ұсынылатын бағдарламаның ақпараттық қауіпсіздікке кепілдік беруі тиіс болса, GovTech платформасының және ондағы деректердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамына жүктелді.

«Меморандум тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Меморандумның қолданылуы тараптар құжатқа көрсетілген ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша міндеттейтін келісімдерге қойған күннен бастап, 2022 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей тоқтатылады. Осы меморандум тараптардың бірінші бастамасы бойынша екінші тарапты отыз күн бұрын жазықта хабарлау ету арқылы кез келген уақытта бұзылуы мүмкін», – деп жазылған қаулы мәтінінде.

Депутат бұл келісімді «Өткен жылдары цифрландыруға бөлінген қаржының

бірнеше рет сыға алған еді. Қолданыстағы платформалардың қабілетсіздігі, әсіресе, өткен жылдың көктемінде пандемия басталған соң денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, салық салу, ауыл шаруашылығы және басқа да көптеген электрондық қызметтердің кемшіліктері айқын болды. Сол кезінде мемлекеттің жылдар бойы цифрландыруға бөлінген миллиардтаған қаржының тиімсіз пайдаланылуы анықталды. Мемлекеттік органдар мен жауапты тұлғалардың жағдайды түзету бойынша жасаған әрекеттері тиісті нәтиже бермеді. Тіпті платформалардың одан әрі алыстауына, оны азаматтар мен бизнестің пайдалануының күрделенуіне алып келді», – деді Мәжілістің жалпы отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин депутаттың сауал жолдаған Мақсат Раманқұлов.

Депутат бұл келісімді «Өткен жылдары цифрландыруға бөлінген қаржының

P.S. Халық арасында бұл меморандумды деген наразылық, ақпараттық қауіпсіздікке деген алаңдаушылық тудырды жұмыстарына қарамастан әлі де бар. Үкімет пен министр барлығы «жақсы» болады деп түсіндіріп әлек. Бағдат Мусин мұның барлығын жүйеге оңтайландыру мен экономиканы жақсарту үшін жасап жатыр-мыс. Яғни қанша күмен тұдырса да бұл бастама өз мақсатына жететін секілді...

Асан НУРАЗГАЛИН

ЦИФРЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ҚАЖЕТТІЛІК НЕДЕН ТУЫНДАДЫ?

жақсартуға ықпал ететіні сөзсіз, – деді Қазақстан Президенті.

Дәл осы құжатқа қол қойылғаннан кейін қазақстандықтар наразылығын білдіріп, елдегі басты цифрлық платформаны Сбер компаниясына беруге қарсы шықты. Халық арасында «Барлық дерегіміз Ресей Федерациясына қолжетімді болады», «Біз қайтадан Ресейге тәуелді боламыз» деген қауесет тарады. Алайда бұл алаңдаушылыққа еліміздің Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин бірден назар аударып, халыққа жауап берді. Министр «Барлық дерек Ресейге қолжетімді болады» деген түсінік қисынсыз екенін айтып, бұл серіктестіктің негізгі мақсатын түсіндіруге тырысты.

Министр Мусин өз сөзінде ең алдымен eGov порталының не екенін түсіндірді. «eGov – бұл барлық мемлекеттік базалармен құрылым арқылы қосылған «виртуал» ғана. Бұл базаларға немесе жүйелерге ешкім ешқашан қол жеткізе алмайды. Өткен айда басталған талдау қазақстандық мемлекеттік секторда 400+ ақпараттық жүйе бар екенін көрсетті. Бұл мемлекеттік жылжыматпайтын мүлік базасы сияқты ірі базалардан бастап, олимпиада жүлдегерлері тіркелген шағын базаларға дейін», – деді министр.

Бағдат Мусиннің айтуынша, қазіргі қолданыста жүрген eGov платформасы өскініген. Ендігі мақсат – жүзден астам жүйеде сақталған ақпаратты реттелген және түсінікті болатын о шақты жүйеге жинау. Яғни СБЕР арқылы «сапалы» және «заманауи» технологиямен жабылғандығын жүйені орнату жоспарланып отыр. Одан бөлек, бұл шешімнің барлығы кибер қалқан мен азаматтардың мүдделерін қорғау жөніндегі уәкілетті органдардың ұсынымы ескеріліп қабылданып отыр.

«Біз Қазақстан тарапы бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық қолдауды талап ететін вендор сияқты болуы керек деген талап қойып отырмыз.

Басы 1-бетте

«100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»: ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚИМЫЗ

Маңызы зор, қоғамға берері мол жобаның бірі «Ұлттық аударма бюросы» атқарған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Танымал ғылым 100 оқулықтың әрқайсысы 10 мың данамен шығарылып, қазақ тіліне аударылған кітаптар барлық оқу орнына, жекеменшік университеттерге таратылды.

– Дүниедегі ең озық оқу орнындағы бағдарламасына кірген ғылыми әдебиет, академиялық бестселлер еңбектер қазақ тіліне аударылды. Олар бұған дейін әлемнің ондаған тіліне аударылып, ілгері дамыған қоғамдарда миллиондаған тиражбен тараған. Біздің де оқытушылар мен студенттердің осындай мазмұнға қол жеткізуі үлкен олжа. Бұл, қажет десеңіздер, «Болашақ» бағдарламасының ауқымы кең жалғасы. «Болашақ» бағдарламасының арқасында біздің 20 мыңдай студенттің әлемнің алдыңғы қатарлы университетінде білім алды. Енді өз елімізде оқытқан жарты миллион студент сол Кембридж, Оксфорд, Гарвардтың үздік оқулықтарымен қазақ тілінде білім алуға мүмкіндік алды, – деді мемлекеттік хатшы.

Қырымбек Көшербаев ауқымы кең, мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігі зіл батпан осындай жобаны жоғары деңгейде атқарған «Ұлттық аударма бюросына» ризашылығын білдірді.

100 жаңа оқулықтың арқасында біз қоғамды сана үшін аса маңызды бірқатар гуманитарлық білім саласының мазмұнын түбегейлі түрде жаңарттық. Көп жағдайда әлі де таптық, формациялық, идеологиялық сипатта баяндалып келген философия, тарих, әлеуметтану, саясаттану, заң мен құқықтану, журналистика, мәдениет және өнертану, тіл білімі, шығыстану, әдебиет теориясы, педагогика және психология секілді ғылымдар пәнаралық, өркениеттік және гуманистік бағыттағы жаңа мазмұнға ие болды.

Сонымен бірге осы жобаның арқасында біз қазақ тілінде әлі дами қоймаған бірқатар жаңа саланы аштық. Экономика, микро және макроэкономика, менеджмент пен маркетинг, қаржылық сауаттылық, ағылшын заңы, статистика, сандық және сапалық зерттеу әдістері, этика мен эстетика, антропология, интернет психология, медиа этика, өнер тарихы, театр және кинотану, сценаристика секілді тұтас жаңа бағыттар пайда болды.

Басы 1-бетте



ған дейін мәселе көтермеген. Бұған қазір қажеттілік те жоқ деп санайды олар. Мәселен, осы сала маманы Садық Шерімбек eGov-тың әлі 5 жылдай мүлтіксіз жұмыс істей алатынына сенімді. Одан бөлек, ол мұндай жобаны дайындау Қазақстандағы ақпараттық технология мамандарының да қолынан келетінін алға тартып отыр.

«Енді ойланғыз, айналып келгенде бір 5-7 жылдың ішінде сіздің шығған және орта бизнестегі айналымын бәрі Сбербанкімен жүретін болады. Цифрлық үкіметке байланысты БҰҰ-ның рейтингінде Қазақстан 193 мемлекет арасында 29-орында, Ресей 36-орында тұр. Сіздің, мемлекеттің шығын және орта бизнесі басқа елдің банкіне, басқа елдің әлеуетіне тәуелді болды деген сөз мемлекеттің айырылуын бірдей», – деді технологиялық-инновациялық жобалар кеңесшісі Садық Шерімбек 31 арнаға берген сұхбатында.

eGov пен СБЕР дауы аясында Бағдат Мусин «Ашық алаң» бағдарламасында eGov-тың шетелдік компанияға сатып-майтынын айтты. Ол көп адам eGov-ты бір терезе артында жұмыс істейтін платформа деп түсінетінін, бірақ ол жүйе де өз ішінде 50 Денсаулық сақтау

бірнеше рет сыға алған еді. Қолданыстағы платформалардың қабілетсіздігі, әсіресе, өткен жылдың көктемінде пандемия басталған соң денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, салық салу, ауыл шаруашылығы және басқа да көптеген электрондық қызметтердің кемшіліктері айқын болды. Сол кезінде мемлекеттің жылдар бойы цифрландыруға бөлінген миллиардтаған қаржының тиімсіз пайдаланылуы анықталды. Мемлекеттік органдар мен жауапты тұлғалардың жағдайды түзету бойынша жасаған әрекеттері тиісті нәтиже бермеді. Тіпті платформалардың одан әрі алыстауына, оны азаматтар мен бизнестің пайдалануының күрделенуіне алып келді», – деді Мәжілістің жалпы отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин депутаттың сауал жолдаған Мақсат Раманқұлов.

Депутат бұл келісімді «Өткен жылдары цифрландыруға бөлінген қаржының

P.S. Халық арасында бұл меморандумды деген наразылық, ақпараттық қауіпсіздікке деген алаңдаушылық тудырды жұмыстарына қарамастан әлі де бар. Үкімет пен министр барлығы «жақсы» болады деп түсіндіріп әлек. Бағдат Мусин мұның барлығын жүйеге оңтайландыру мен экономиканы жақсарту үшін жасап жатыр-мыс. Яғни қанша күмен тұдырса да бұл бастама өз мақсатына жететін секілді...

Асан НУРАЗГАЛИН

Екіншіден, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша аударылған оқулықтар мен ғылыми әдебиеттің оқу бағдарламаларына енгізіліп, тиімді қолданылуы қамтамасыз етілуі керек.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына қайшы оқытулық және қашықтан білім беретін оқу орнындағы заңсыздықтарын және онлайн оқыту қызметін реттейтін толықтыру қажет. Төртіншіден, «Ұлттық аударма бюросы» негізінде жинақталған тәжірибе мен мамандандырылған потенциалы жоғалтпау маңызды. Қазіргі сұраныс пен қажеттілікті ескере отырып, бабалар және жасөспірімдер әдебиеті, гуманитарлық және техникалық оқулықтар мен әдебиет, іскерлік әдебиет және басқа да өзекті аударма бағыттары қамтитын тұрақты жұмыс жоспары жасалып, іске асырылғаны жөн.

Бесіншіден, «Ұлттық аударма бюросы» және Оксфорд университетінің баспасы дайындаған «Қазақ-ағылшын», «ағылшын-қазақ» Оксфорд сөздігі (Oxford Oxford Dictionary) басылып, барлық орта және жоғары оқу орнындағы кітапханаларына жеткізілуі шарт.

Алтыншыдан, латын графикасына кезең-кезеңмен өту жоспары аясында аударылған 100 оқулықтың электрондық мәтінідері Қазақстанның ашық университет негізінде жаңа ақпараттық жариялануы керек. Сонымен бірге мектеп бағдарламасына енген қазақ әдебиетінің классикалық туындылары Kitar.kz – Қазақстанның ашық кітапханасы негізінде латын графикасына көшірілуі тиіс.

– Бүгін танымал ғылым 100 оқулық пен басқа да сөз еткен іс-шаралардың бір ғана мақсаты бар, ол – жастарымыздың елге тірек, қоғамға тұтқа болатын мықты тұлға болып өсуіне, білікті маман болуына жағдай жасау, – деді Қырымбек Көшербаев.

Ұлттық комиссияның кеңейтілген мәжілісінде Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының директоры Рауан Кенжетанұлы, ғылым докторы, Алматы менеджмент университетінің деканы Молдияр Ербокегов, Қазақ қыздар педагогикалық университетінің ректоры Қанай Гүлмира Әмірханқызы, Ұлыбританиядағы Кембридж университеті баспасының білім реформасына жауапты директоры Джейн Манн сөз сөйледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

СҰХБАТ



«Өнер алды – қызыл тіл». Бұл жай айтыла салған сөз емес. Мұны сөз қадірін, сөз өнерінің қасиетін ұғынатын кез келген адам жақсы біледі. Иә, қазақ үшін қара өлеңнен асқан құдірет жоқ. Абайша айтсақ, «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңменен жер қойнына кірер денең». Расында, ұлтымыз ұлы өнер деп бағалайтын поэзиямен бар ғұмырын үндестіріп қойған. Біздің бүгінгі кейіптеріміз – ақын Шәмшия Жұбатова. Өткен аптада Сырдың ақын қызы Қызылордаға келді. Біз де сәтін тауып сұхбат құрдық. Ол 1958 жылы қазыналы Қазалы топырағында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар одағының, Еуразиялық шығармашылық Гильдиясының мүшесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Шәмшия Жұбатова ақын:

«ӨЛЕҢ КІМ КӨРІНГЕН МІНШ АЛАТЫН ЖАЙДАҚ АТ ЕМЕС»

– Туған жерге қош келдіңіз. Қазіргі кезде қандай тақырыпта қалам тербеп жүрсіз?

– Биыл балалар жылы болғандықтан жасөспірімдер мен балалар тақырыбында өлең жаздым. Бүгінде «Гүлге қонды көбелек» атты кітап дайын тұр. Алдағы уақытта демеуші табылса, жыр жинағы етіп шығаруға қолжазбамады ұсынуға дайынмын. Оның үстіне биыл Алланың берген сыйы немерем дүниеге келді. «Бір қозы дүниеге келсе, бір түп жусан артық шығалды» демекші сол кезде халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын алдым. Осылайша қуанышым еселенген жайымыз бар.

– Шәкірттеріңіз бар ма?

– Ақындардың көбі шәкірт тәрбиелеп жүр. Менің ойымша шәкірт тәрбиелеу үшін өзің соған лайық болуың қажет. Ал әдебиет біреуге-біреудің үйрететін дүниесі емес. Оның ішінде өлең – өте кірішкісіз. Бұл ақынның көкірегіндегі көз, көңіліндегі айна сияқты гөй. Дүниені басқаша кейіпте көрсетуде, әлемнің осынау сұп-сұлу көбетін айнытпай бейнелеуде поэзиядан артық құрал таппасымыз анық. Ал оны түсіну мен түйсіну әркімнің танымына байланысты. Дегенмен ақыл-кеңес сұрап келгенге білгенімді айтып, жол сілтеуге әрқашан дайынмын. Бірақ шәкіртім бар деп айта алмаймын. Бүгінгі жастар бізден мықты гөй. Оны мойындау керек.

– Сіз үшін поэзия деген не?

– Жалпы поэзия – қалыпқа сыймайтын күрделі құдірет. Менің түсініміңде поэзия – жұмбақ өлем. Оның құпиясын ашу мүмкін емес. Т.Элиот «поэзия – қанның сияға айналуы» деп ой тастапты. Расында, ақын жүрек дүрсілдейді ырғақты күйге елітіп, тамырдағы қанда тулаған тылсым сезімді ақтару екінің біріне бұйырмайтын қасиет. Сондықтан өлең әлеміндегі барлық ақындардың өнерін құрметтеймін.

– Кейінгі буында кімдерді оқисыз?

– Қазір ақын боламыз деп жүрген жастардың легі көп. Оқу бар да тоқу бар. Өлеңді, сөзді түсініп, қазақтың шұрайлы, қаймағы бұзылмаған тілін қаз-қалпында көркем қолданып жүрген жас ақындар да бар. Оның ішінде Ақжол Түменбайдың өлеңдерін жиі оқимын. Өнерін ерекше құрметтеймін. Ешкім де өкпелемесін. Егер ол айтса кетіп қалмаса, қолтаңбасы бөлек, мықты жазба ақын болары сөзсіз. Өздеріңізге белгілі Бауыржан Халиолла басында мықты жазба ақыны болды. Қазір айтса кетіп, өзінің бағытынан айрылып қалғандай көрінеді маған. Әркім Алланың берген жолын өзі таңдауға тиіс. Десе де жазба ақындардың барлығының шығармашылығынан хабардар болып отыруға тырысамын.

– Туған жерге жиі келіп тұрасыз ба? Келген кезде сізді қуантатын және өткенге-ай деп қынжылтатын жағдайлар...

– Әрине, туған жерге жиі келемін. Қайда жүрсек те кіндігіміз байланған жерден алыстап кете алмаймыз. Әркім өз туған жерімен мақтанады. Мен де қазақтың қаймағы бұзылмаған Қызылорданың қызы болғанымна қуанамын. Мұнда келген сайын бір өзгерісті байқаймын. Соған карағанда Сыр елінің дамып, өсіп-өркендеп жатқанына көзім жетті. Ал өткенге-ай деп қынжылтатын сәттер де жоқ емес. Өйткені бұл жақта кітап сататын дүкендер жоқтың қасы.

– Бізде ақын қыздар әдеби ортаға көп сіне бермейді. Оны қобіне тағдырымен, отбасылық



БІЗДІҢ ҮЙ

Ұядай үй күнге толды,
Ұядай үй гүлге толды.
Дәурені шат балалық пен
Шұылдаған үнге толды.
Ұядай үй таңға толды,
Ең бақытты жанға толды.
Жапырақтар қаулап өсіп,
Шуақ сәуле маңға толды.
Өбектейді анашымыз,
Анашымыз-панашымыз.
Бір-бірімен тату болған
Біз бір үйдің баласымыз.
Кім таза, үй де таза,
Домбырада күй де таза.
Дәптер таза, кітап таза,
Шаймен жеген жиде таза.
Армандаймыз қия-шыңды,
Жан сарайы жиі ашылды.
Балапандар жетілетін
Бұл біздің үй ұя сынды.

ГҮЛ

Анам екті бір гүлді,
Әкем екті бір гүлді.
Күні бойы екеуі
Гүлдің жәйін жыр қылды.
-Мынау әйел бақыты,
-Мынау еркек бақыты.
...Құмыраның көз тартты
Жиіктелген жақұты.
Бұған тағар сын бар ма?
Құлақ керек тыңдарға.
-Балалардың бақыты
дейтін тағы гүл бар ма?
Дауыстары қосылып
-Жок!-деді олар тосылып.
Айтқандары рас қой,
ал менікі бос үміт.
Бақыттымын гүлсіз де,
Түсінікті бұл сізге.
Сыйлай алам қуаныш,
Тіл бітірем үнсізге.
Мен өзім де гүлмін гөй,
Кең маңдайлы ұлым гөй.
Ата-анамның үйіне
Бақыт туын ілдім гөй.
Анам – жауын,
Жауады.
Әкем – күннің шуағы.
Екі бақыт қосылып,
Мендей бала туады.

ТАЗАЛЫҚТЫ ҰНАТАМ

Жарқырайды гүл Отан,
Жалдырайды бұла таң.
Өзім аппақ болғасым
Тазалықты ұнатам.
Жуып жүрем бетімді,
Тарап қоям кекілді.
Мен жинаған бөлме де
Құс ұясы секілді.
Ауа таза, ел таза,
Соғып өткен жел таза.
Толқыны көп көп таза,
Сен де таза, мен таза.

өмірімен байланыстыруға болатын сияқты. Жалпы қазіргі әдеби ортаның деңгейі туралы не айтасыз?

– Әйел адамға, қыз балаға ақындықты қимайтындар көптеп кездеседі. Әйел – табиғатынан нәзік жан. Екі бірдей жүкті аркалап жүрген ақын қыздар баршылық. Өлең – жыныс таңдамалы. Кім көрінген аузыдықтап мініп алатын жайдақ ат та емес. Өлең – туа біткен қасиет. Ол еркекке қона ма, әйелге қона ма, Алланың қалауы. Ақын қыздардың әдеби ортада бой көрсетпеуі қалыпты жағдай. Өйткені қайнаған қазан, отбасылық тірлік, бала тәрбиесі, келіндік міндеті, келімді-кетімді қонағы одан қалса жұмысы бар. Осының бәріне үлгеру керек. Шығармашылығы ол бар.

– Шабытты қайдан аласыз?

– Маған келетін шабыт алдын ала аспанда жазылатын сияқты. Мен тек соны қабылдап аламын. Шабыт уақыт таңдамайды. Себебі жүрегім сезініп, ойма келген шумалық бірден жылып алуға дәптерім мен қаламымды сайлап отырамын. Мәселен, шабытым қазір де келіп қалуы мүмкін. Жалпы менің өлеңдеріме жұрттың берген бағасы шабыттандырады. Өлеңнің ішкі тынысын, қуатын сезініп, оны сыртқа шығару үшін үлкен күш керек. Қазіргі кезде жазғандарымды оқып, ақ тілегін білдіретін жанашыр жақындарым жетерлік. Бұл өнер – маған әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған қасиет. Әкем Нұрсұлтан Жұбатұлы халық ақыны болған кісі.

– Шығармашылығыңызға тоқталсаңыз...

– Бүгінге дейін «Бастау», «Махаббат кітабы», «Гүлденген алма ағашы», «Кездесу», «Қайта оранған көктем», «Шаңқай түс», «Жоғалмаған желкен», «Өң мен түс» атты жыр жинақтарым мен «Темір үйдің тұрғыны», «Дәліл» атты прозалық кітаптарым жарыққа шықты. Сондай-ақ француз ақыны Жан Поль Беранжениң «Сынық скрипка» атты жыр жинағын, жазушы Бақытжан Момышұлының «Қасқырдың жүрегі» атты романын қазақ тіліне тәржімаладым. Қазіргі кезде 20-дан астам өңгемді жазып, оны өнер жұлдыздары халыққа тарту ретінде шырап жүр. Соның ішінде көпке танымал «Сырдария» өңі өз тыңдарманын тапты. Соңғы жылдары жаным жақын балаларға арналған шығармаларға қалам тербеп жүрмін.

– Өңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ақмарал ОЛЖАБАЙ
Суретті түсірген
Н.НУРЖАУБАЙ

VI СЪЕЗД ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫ: «ТҮРКІСТАН-СІБІР» ТЕМІРЖОЛЫН САЛУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ

Қызылорда теміржолының бастапқы даңғылы 1889 жылы 16 маусымда Патша үкіметі Орта Азиядағы теміржолдың құрылысы туралы мәселені талқылау үшін ерекше мәжілісін шақырудан бастаған. Сонымен 1900 жылдың сәуірінде «Орынбор-Ташкент» бағытындағы теміржол құрылысын бастауға шешім қабылдаған. Жолдың құрылысы 1901 жылы басталып, 1906 жылы сәуірде аяқталған. Осылайша Орынбордан Ташкентке дейінгі 1850 шақырым болатын барлық теміржол аралығы іске қосылды.

Сексеуіл мен Түркістан аралығында бірінші болып 1903 жылы Қазалы жол дистанциясы өз қызметін бастады. Одан кейін Қызылорда, Қазалы, Сексеуіл локомотив деполары және Шиелі, Қызылорда, Жосалы, Қазалы жол дистанциялары жұмысын бастаған болатын.

Әр қаланың дамуында белгілі бір серпілісті кезеңдер болатыны белгілі. Сыреліне Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы аймақтың экономикалық-саяси және мәдени өркендеуіне жаңа тыныс берді. Соның нәтижесінде вокзал, депо үйлері салынды. Сондай-ақ құбырмен ағатын су жүйесі пайда болды. Жұмысшылардың әлеуметтік тұрмыс деңгейінің ғана емес, қоғамдық-саяси өй-өрісінің өсуіне себеп болған шеберханалар мен деполар Жосалы, Қазалы, Сексеуілде іске қосылды. Осылайша аймақта жұмысшы тобы қалыптасты. Халықтың саны артып, сауда-саттық дами бастады. 1905 жылы теміржол вокзалынан базарға дейін 2 шақырымдық тас жол пайда болды. Күйдірілген қыштан жаяу жүргіншілер жолын салу басталды. 1910 жылы Петербургте қаланың гербі жасалынып, бекітілді. Қазан төңкерісіне дейін Ақмешіт-Перовск Сырдария жағасындағы сол кездің өлшемімен алғанда стратегиялық жағынан қолайлы бекініс ретінде пайда болып қалаға тән алғашқы инфрақұрылымдық белгілер қалыптаса бастады. Халық санының өсуі, тауар-ақша айналымының тұрақты ұлғаюы, шағын кәсіпкерліктің дамуы қала көркеюіне жол ашты. Тұрмыстық



теміржолының қажеттігі жөнінде мәселе көтеріледі. Бұл уақыт ішінде Түркістаннан Ресейге мақта тасу 1900 жылғы 5,2 млн пұттан 1906 жылғы 9 млн пұтқа өседі. Алайда бұл тасымалдау орыс мақта-мата өнеркәсібінің сұранысын тек жартылай жапты.

Осылайша Қызылорда астана болған тұста «Түркістан-Сібір темір жол құрылысын салу туралы» қаулы қабылданды. Қазақ АССР-і кеңестерінің VI съезі қабылдаған қаулыда өлкенің табиғат байлықтарын жедел игеруге, Орталық Азия республикаларын Қазақстанның және Сібірдің арзан астығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасаған Транссібір магистралінің экономикалық және саяси маңызы аталды. Кеңестер съезінің қаулысында жазылғандай, Түркістан-Сібір теміржолының Орталық Азия республикаларының экономикасын дамытуда үлкен маңызы ескеріліп, елдің болашағын байта түсу үшін техникалық дақылдар, ең алдымен мақта, сондай-ақ күріш егуді нақты міндет етіп қойды.

Құрылыстың нағыз қызған шағы 1924 жылдың көктемі еді. Өйткені бұл кезде Қазақстанның оңтүстігінде

министрлігі бұйрығының негізінде 1-ші Қызылорда паравоз шаруашылығы бөлімшесі Ташкент теміржолының Қызылорда бөлімшесі болып бірікті.

1950 жылдан бастап Қызылорда бөлімшесінде жаңа техникалардың енгізілуі басталды. 1953 жылы Шиелі-Жосалы аралығында диспетчерлік орталықтандыру енгізілді. Осылайша 1957 жылы Қызылорда жол бөлімшесінде алғаш рет ТЭ-3 сериялы тепловоздары пайдалануға берілді. 1958 жылы Жол қатынасы министрлігінің бұйрығы негізінде Ташкент теміржолының Қызылорда бөлімшесі, Қазақстан теміржолының Қызылорда бөлімшесі болып қайта аталды. Бөлімше жолының ұзақтығы 782 шақырымды құрады. Қазақстан теміржолының ұлғаюына байланысты 1977 жылы Қызылорда бөлімшесі Ақтөбе қаласында жаңадан ұйымдастырылған Батыс Қазақстан теміржолының құрамына енді.

Қазіргі кезде «Қазақстан теміржолы» ұлттық мекемесінің «Қызылорда жол бөлімшесі» филиалы 1-ші топ бөлімшесінің ұзындығы 785 шақырымды құрайды. Оның ішінде бір жолдың ұзындығы 315, екі жолды аралық



Қызылорда теміржолының бастапқы даңғылы 1889 жылы 16 маусымда Патша үкіметі Орталық Азиядағы теміржолдың құрылысы туралы мәселені талқылау үшін ерекше мәжілісін шақырудан бастаған. Сонымен 1900 жылдың сәуірінде «Орынбор-Ташкент» бағытындағы теміржол құрылысын бастауға шешім қабылдаған. Жолдың құрылысы 1901 жылы басталып, 1906 жылы сәуірде аяқталған. Осылайша Орынбордан Ташкентке дейінгі 1850 шақырым болатын барлық теміржол аралығы іске қосылды.

нысандармен қатар білім және медицина орындарына қажеттілік артты.

Теміржолдың дамуы 1917 жылы революциядан кейін жалғасып, Қызылорда теміржол бөлімшесі шамамен 1925 жылы құрылған. Ал КСРО халық жол қатынасы комиссиясы Орынбор теміржолына бағынышты болған. Жолдың ұзындығы 285 шақырымды құраған. Қызылорда жол бөлімшесінің аппараты 60 адамнан құралған. Ал екінші даму кезеңінде Ресейде Түркістан мен Сібірді қосатын теміржол құрылысының аса қажеттілігі туады. Сол жылдары Сібір магистралі Новосибирскті қиып өтті, ал Орталық Азия жолы Ташкентке дейін жетеді. Бұл Сібір мен Орталық Азия жолдарын оңтүстік-шығыс және Шығыс Қазақстан арқылы қосудың экономикалық мақсатқа сәйкестігін көрсетті. Түркістан мен Сібір теміржолының қосу орыс мақта-мата өнеркәсібінің дамуына орай олардың Түркістаннан мақта, ал Сібірден ұнды қажет етуінің салдарынан туындады.

Бастапқыда Түркістан-Сібір теміржолы қазына есебінен тұрғызылады деп есептелді. Бірақ үкіметтің құрылысқа қаржысы болмады. Дегенмен Түркістандағы жергілікті буржуазия өкілдері кейінге қалдырмау қызу қарсылық көрсетті. Көп ұзамай Жетісу

құрылыс жалпы халықтық деңгейге ұласты. Көктем және жаз айларында мұнда 2300-дей жұмысшы еңбек етті. Олардың басым көпшілігін қазақтар мен қырғыздар құрады. Кейіннен құрылыста ұзақ жыл тапжылмай қызмет еткендер есу саладан жаңа мамандық алды. Бұл күндері Түркістан-Сібір теміржолының құрылысын атағанда, қарапайым еңбек адамдарының орасан зор қызметі мен еңбегі айтылады. Себебі олардың көпшілігі сол кездегі қиын да, құбылмалы ауа райының нашарлығына, құрылысқа қажетті қарапайым құрал-жабдықтардың жоқтығы мен тәжірибенің аздығына қарамастан, белгіленген жұмыстардың біраз бөлігін 1924 жылдың шілде айының аяғына дейін бітірген. Осылайша барлық жасанды құрылыстар, қазу жұмыстары толығымен аяқталды. Ал жолдарды салу Әулие Атадан Қайыңдыға жетті.

Үкімет шешімімен 1936 жылы Қызылорда жол бөлімшесі Ташкент темір жолына берілді. Жол бөлімшесінің шекарасы солтүстікте Жосалы станциясына дейін, ал оңтүстікте Шиелі станциясына дейін болған. Қызылорда жол бөлімшесінде аз қуатты паровоздар пайдаланылған. Олар мазутпен жұмыс істеді. 1943 жылдан бастап паровоздар көмірмен жабықтыққа көшірілген. Ал 1946 жылғы КСРО жол қатынасы

470 шақырым. Жол бөлімшесінің құрылымында 54 теміржол станциясы бар. Сонымен қатар 3 жүк станциясы, 29 разъездік электрлік орталық, 25-де диспетчерлік орталық жұмыс істейді. Ал бөлімшеде 5 диспетчерлік айналым жұмыс істейді.

Қызылорда жол бөлімшесінің аймағында 26 теміржол мекемесі орналасқан. Олардың ішінде 4 жол дистанциясы, 2 байланыс және белгі беру, электрмен жабықтау, 2 локомотив пайдалану депосы, 2 айналым локомотив депосы, вагон пайдалану деполары бар. Осы мекемелердің құрамында барлығы 10 мыңнан аса адам қызмет етеді. Облыс аумағындағы барлық теміржол жұмысын үйлестіріп, теміржол көлігін тасымалдау жұмыстарының үздіксіз және қауіпсіз жүрісін қамтамасыз етіп отырған орталық – ол Қызылорда жол бөлімшесі. Қызылорда теміржолының кешегісі мен бүгінгі тәуелсіздікпен біте қайнасып жатқаны осыдан-ақ көрініп тұр.

Теміржолдың тарихы туралы мәліметтер, осы саланың ардагер теміржолшысы Төлеген Жылгелдиевтің «Жол бойындағы жұлдыздар», «Алаштың Ақмешіті», «Қызылорда», «Темір жол тарландары» атты кітаптардан алынды.

БАЙҚАУҒА!

1991 жылы жасым 12-де екен. Тұлым желбіреген жеткіншек шағым. Шынымды айтсам, ел Тәуелсіздігін алған жылдарды есіме алсам, сағат тілін кері айналдырып, ата-анамның, ата-әжемнің беркін аспанға атып қуанғанын, бала болсам да олардың не үшін қуанып жатқанын сезінгім келеді. «Өз алдымызға ел болдық. Ақ түеңкі қарны жарылды деген осы емес пе?! Енді сендердің замандарың керемет болады, қызым!» деп бізді әкем шыр айналдыра көтеріп, құшақтап, әлсін-әлсін бетіміден сүйсе...» деп армандаймын. Бірақ мұның бірде бірі болған жоқ қой. Бұрын қалай өмір сүрдік, өміріміз дәл солай жалғаса берген сияқты көрінеді.

Әкем аянда жұмысқа кететін, түскі үзілісте үйге кеп ас ішетін де, бір ауық мызғып алып, жұмысына қайта кететін. Сосын кешкісін «желеңдерің келе жатыр, есіктің алдындағы аяқ киімдерді ретке келтіріп қойыңдар» деп мамамыз бізге тез тапсырма беретін де, өзі кешкі дастарханды жайып жататын. Мама да сондай, таңертең жұмысқа кетеді, түскі үзілісте үйге келеді, қайтара жұмысқа кетеді. Сосын кешкісін әкемізден бұрын келетіні есімде қалыпты. Әйтеуір кешкі асқа әкемізді күтіп отыратынымызды білемін. Тіршілік күнде

Менің қуанышым – жасыл белдемше

осылай жалғасатын. Біз де үйелмелі-сүйелмелі бес бала сабағымызға барамыз, сабағымыздан келеміз...

Мектепте де керемет жайдары көңілмен: «біз өз алдына Қазақстан деген мемлекет болдық, балалар!» деп бірде-бір мұғалім айтқан емес. Әйтпесе 12 жасыңдағыны ұмытып қалмайсың ғой. Өсіп қалған, үп-үлкен баласың. Осыған байланысты өзін қорықтың жасаймын, үлкендердің қуанышынан төрі күдігі, ертеңгі болашаққа деген алаң көңілі басым болған сияқты. Тіпті өз алдымызға мемлекет болғанымызды сезіне алмауымыз бізді 70 жыл бойы коммунистік партияның шексіз билеп-төстегенін, идеологиясының ғаламат әсерлі болғаны соншама адамдар партия құласа, өмір аяқталатындай сезінген бе дерсің?! Өйткені жасы үлкен, осы күні ардагер журналист апайдан Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы сезімін сұрағанымда: «шынымды айтайын ба, біз қуана алмадық. Қатты қорықтық. Тіпті бір-бірімізден «ертеңгі күніміз не болады?» деп сыбырлап сұрасатынбыз. Арамызда енді не істейміз деп жылағандар да болды. Бірақ қазір бұл туралы

дәл бұлай айту әбестеу ғой. Сондықтан ә дегеннен-ақ шын көңілмен шаттанып, ел болғанымызды мақтанғыш тұттық деген сөздерге өз басым сене бермеймін. Әрине, қаза бер қаламды серік еткен адам болғаннан кейін басқаша айта бересің» дегенде шалқаман түсе жаздадым. Өйткені ата-анам шығармашылық адамдары болмағандықтан кейін сезімін шаттанып білдіре алмаған шығар деп ойлаушы едім, газет-журналдың айналасындағы адамдар осылай дегенде қиялымның құл-паршасы шықты. Мейлі, өткен күн өтті, бізге де қырық деген қамал жетті. Қазір біз осы Тәуелсіздігіміз баянды болса екен деген тілек үстіндеміз.

Бала кезімінен бір есімде қалғаны, 1993 жылы теңгегің ауысуы болды. Ата-анамыз, сірә айлық алған болу керек, жаңа ақшаларды бәріміз бірге қызықтыдық. Әл-Фараби (1 теңге), Абай (20 теңге), Сүйінбай (3 теңге), Құрманғазы (5 теңге) бейнелері басылған суреттерге қайта-қайта қарағанымыз есімде. Ертеңіне сол ақшамен саудаластық. Мамам маған әдемі велюр мадандан тігілген жасыл белдемше сатып әперді. Бағасы 3 теңге тұрады екен. Белдемшенің етегі

әдеттегідей бір тегіс емес, оюдың жиікеріңдей толқындалып тұратын. Үстіме киіп, сондағы қуанғанымды әлі ұмытпаймын. Сірә, Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттігін сезіне алмасам да жаңа төл теңгегің қуанышым осы белдемше бір тәтті қиялмен жүрегімді төрбегендей әсерленемін.

Әрине дүкен сөрелерінің бос тұратыны, (тек қана қияр басылған банклер ғана тұратын сатылымда), дүкенге нан алуға ғана баратынымыз, оның ұзын-сонар кезегі, нан тиелген машина тоқтағаннан-ақ адамдардың ала-құйын мінізі басталатыны, отбасындағы жан басына есептелген тәртіппен, өлшеп қана қарточкамен азық-түлік алатынымыз, оны бір айға жеткізуге тиіс екеніміз бәрі-бәрі есімде. Сірә, осындай өмірдің мың бір майда-шүйдеі мен тұрмыс түйтікшелері адамдарға мемлекеттіліктің «ірі» мәселелері жайында сезінуге мұрша бермеген шығар.

Сүйікті «Ақмешіт апталығы» газетінің байқауы үшін бөлісемін деген бір ойым осы болатын.

Айжан ЖУМАБЕКҚЫЗЫ



Германиядағы сайлау: Жеңіске кім жетеді?

Шольц халық арасында пандемия кезінде экономикаға жауапты болған уақытта аса танымалдыққа ие болып, бұл оның теледәбитат сенімді болуына септігін тигізді. Дегенмен билікке дәл осы екі кандидаттың бірі келеді деп болжау мүмкін емес. Себебі таңдаушылар ішінде әлі өз пішімін қабылдамағандар үлесі аз емес.



Лад «Жасылдар» партиясының көшбасшысы Анналена Бербок сауалнама жүргізу барысында көп дауыс жиініп, Германия саясатында сенсация жасап, «жасылдардан» шыққан алғашқы канцлер атануға деген мүмкіндігін арттырды.

40 жастағы кәсіби спортшы Бербоктың халық қалауына айналуына соңғы уақытта Германия басты проблемасына айналған экологиялық мәселелерді шешу туралы мәлімдемелері сеп болып, сол арқылы ол сайлаудағы бәсекелестік таныта алатын үшінші кандидат атанды.

Германиядағы Бундестагқа сайлау пропорционалды жүйе бойынша өтеді, яғни әр партияның дауысы олардың парламентте қанша орын алатынына тікелей байланысты. Бұл принцип партияға Үкіметті жалғыз басқаруға мүмкіндік бермейді. Оның орнына дауыс беруден кейін коалициялар құрылады. Өдетте коалиция екі топтан тұрады.

Көптеген адам қазіргін өзінде дауыс беріп үлгерді. Олар пандемияға байланысты сайлау күніне дейін пошталық дауыс беру арқылы өз таңдауын жасады.

Таңдауды қалай жасайтынына қарамастан, халықтан жергілікті депутатты, сондай-ақ өздері ұнататын партияны сайлау сұралды. Нәтиже шыққандан кейін, сайлау елде билік ету үшін жеткілікті деп танылған қызметтік орын санын тағайындайды, яғни шағын партиялар да билеуші бола алады. «Жексенбіде қағаз жүзінде жеңіске жеткендерді анықтағандың нақты кім билікке келетінін айту мүмкін емес. Біз тіпті қарашаға дейін жаңа канцлердің кім екенін білмейміз мүмкін», – дейді Бен Шреер.

Тіпші мақаланы жазу барысында сайлау кезінде қандай проблемалар туындауы мүмкін екенін де қарастырған. Ең бірінші қиындық кандидаттарға қатысты. Халық Меркельден кейінгі билікке аландырушылық билдіріп отырғандықтан, олар өз мақсаттарын айқындай алмай отыр. Ұлттық дебатта көтерілген басты мәселе – климаттың өзгеруі, әсіресе шілде айындағы топан су басу оқиғалары. Осы орайда әр партия өзінің экологияны жақсартуға деген мақсат-міндеттерін айта алған еді.

Мәселен, «Жасылдар» партиясы 2030 жылға қарай парниктік газ шығарындысын 1990 жылмен салыстырғанда 70 процентке төмендетуге көздейтінін айтты. Ал сыртқы қарым-қатынасқа және Еуроодаққа қатысты істерді оңтайлы атқару туралы мәселені социал-демократиялық партия мойнына алғаныммен, Шольц көбіне ішкі жүйені, ең төменгі айлық мөлшері зейнетақы реформаларына көбірек тоқталған.

Роб Пичетты мақаласында сондай-ақ «Германия Меркельден кейін әлемдік аренада бас көрсете ала ма?» деген сұраққа жауап іздеуге тырысқан. Оның пайымдауынша, соңғы сауалнамалардың нәтижесі Меркельдің Еуропада көшбасшы екенін дәлелдеген және келесі басшы бұл деңгейге жете алатынына күмән бар. «Германия сыртқы саясатта бірнеше мәселеге тап болады және жаңа Үкімет оны өз мойнына алуы тиіс. Ал Меркельдің орнын кім басады және ол бұл міндеттерді атқара ала ма? Басты сұрақ осы болып тұр. Бұл сұраққа одақтастар да, германиялықтар да күдіктен қарап отырғаны жасырын емес», – дейді Шреер.

Бұл орайда Меркельдің басты рөлі суропалық бірлікті сақтап қалу мен Еуроодақтағы бірлік пен ішкі проблеманы жасырып қалу және үнісіз шешу еді. «Макрон Меркельдің әлемдік аренадағы орнын басып озуға тырысады. Германия позициясы өзгермейтін шығар, бірақ бірнеше биліктен тұратын коалиция кесірінен Германия әлемдік аренада біраз төмендеуі мүмкін», – деп болжайды Берген.

Одан бөлек, жаңа басшыға Меркель тығыз қарым-қатынаста болған АҚШ пен Қытай елімен байланысты теңестіру қажет болады. Одан бөлек, Ұлыбританиямен жақындау да басты міндет болып қала береді. «Ұлыбритания стратегиялық жоспарда басты серіктес болып қала береді. Себебі Германия олардан алыстаса суропалықтарлы шеттеткен болып саналады. Германия – әлемдік аренада сөзсіз көшбасшы мемлекет. Ендігі сұрақ жаңа биліктің бұл деңгейді сақтап қала алатынында болып тұр», – дейді Шреер.

Бір жүйеге үйренген германиялықтар үшін бұл сайлау үлкен жауапкершілік артып, жаңа бастаманың сепбісі болып тұр. Алдағы уақытта Германияның қандай ел болатыны және негізгі мақсат тұтатыны айқын болды. Ал әзірге тек немістер ғана емес, күллі әлем жұртшылығына сайлауда кім жеңетіні және ол қандай ұстарда болатыны қызығарлық болып тұр...

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НУРАЗҒАЛИ



Мұз үстіндегі із

Жоғарыда атап өткеніміздей бұл-діршінің денсаулығына алаңдап оны спортқа жетектеген ата-ана 4 жастағы Элизабеттің аяғына коньки байлап, мұз үстіне жібергенде болашақ чемпионды спортқа дайындап жатқанын да аңдамаған болар. Ата-ана үшін көз қуанышының амаңдығы ғой. Сөйтіп, ең әуелі Мәскеудегі қарапайым секцияларға қадам басқан кішкентай Элизабеттің қабілеті үшін бұл аздақ ете бастады.

Жаратқанның да жәрдемі болар, ол кішкентай болса да атақты бапкер Этери Тутберидзенің тобына келді. Баланың бойындағы қабілетін ә дегеннен танитын Тутберидзе де таңдауына өкінібеді. Себебі Элизабет алғашқы қадамнан-ақ жеңіске ұмтылды. Жас сырғанаушының спорттағы жетістігі көп күттірмей, жеңіс бірінен кейін бірі үздіксіз жалғаса берді. Түрлі жарыстар, үнемі жеңіс, жеңімпаз Элизабет!

Мұнан соң отбасы жағдайымен Элизабет спорттық азаматтығын ауыстырды. Сыр топырағында дүниеге келген әкесі Байтақты әлемді шарласа да туған топырақ өзіне тартты. Осылайша туған жерге оралу спортшының жаттығу орыны да өзгертуге мәжбүр етті. Канадаға Брайон Орсердің тобында жаттығуды жалғастырған Элизабет спорт шыңын бағындыра бастады. Дегенмен Орсер шәкірті ересектер жарысына ауысқаннан кейін өзінің бұған дейін бағындырған белесі өз қабілет-қарымына сай еместігін іштей сезді. Себебі сол кезде әлем чемпионатында 9-шы орын, олимпиадала 12-ші орын ол күткен нәтиже емес.

Ізденімпаз Элизабет алғашқы жаттықтырушы Этери Тутберидзеге қайта оралуды ойлап, анасы екеуі қонырау

шалды. Қайтадан алғашқы бапкері Тутберидзеге оралу жас сырғанаушыға серпін берді. Тағы да үздіксіз жеңіс пен қуанышты сәттер. Оның жетістіктерін санамаласақ, шатасып кетуіміз мүмкін. Дегенмен елеулі дегендерді санамап көрейік. 2016 жылы Норвегияның Хамар қаласында өткен жасөспірімдердің дүниежүзілік олимпиадасында қола медаль иеленді. 2017 жылы Саппородағы Азия ойындарында да жеңіске жетті.

2018 жылы Пхенчханда алауы тұтанған Олимпиада ойындарына қатысып, 12-ші орынға табан тіреді.

2019 жылы төрт құрлықтың чемпионаты мен дүниежүзілік универсиадада күміс жүлдені олжалады. Жалпы, республикалық және халықаралық жарыстарды қоса алғанда, қазақтың шынашақтай кызы 39 медаль иеленген екен.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

2019 жыл. Бұл қазақ кызы Элизабеттің спорттағы ең үлкен жеңісі. Барша қазақ шынашақтай кызың өнеріне қол соққан күн, әлем тамсанған сәт. Жапонияның Сайтама қаласындағы дүбірлі додала Элизабет мұз үстінде қабілет-қарымын да, шеберлігін де көрсетті. Қысқа бағдарламада ол Людиг ван Бетховеннің «Ай сонатасын» мінсіз орындады. Айтпақшы, ол мөнерлеп сырғанау шебері ғана емес, скрипка мен фортепианода ойнауда қабілетті екенін жанкүйерлері бұл кезде жақсы білетін. Әлем чемпионатындағы тарихи жетістік! Ол әлем чемпионатында төрттік сальховты орындады. Осылайша Элизабет Тұрсынбаева төрттік секіруді орындаған әлемдегі алғашқы мөнерлеп сырғанаушы болып спорт шежіресіне жазылды. Айтпақшы, бұл күміс медаль тәуелсіз қазақ елінің әйелдер арасындағы сырғанау тарихындағы әлем чемпионаттарындағы алғашқы медаль еді.

Осылайша мұз үстінде із қалдырған Элизабеттің спорттағы үзілісі оның денсаулығына байланысты болды. Дегенмен жанкүйерлер оны асыға күтіп жүрген, мұз айдынының ханшаймы спорттағы мансабын осымен тәмтамдайды деген ешкімің ойына келмесе керек. Бір өкініштісі, сырғанаушының арқасынан алған жаракаты оны мұз үстіне қайта шығармады. Жақинда ғана спортсүйер қауыммен, жанкүйерлерімен әдемі қоштасқан Элизабеттің спорттағы мансабы енді жаттықтырушы ретінде жалғаспақ.

Ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында спорттағы мансабын аяқтағанын жария етті. «Күрметті жанкүйерлер, кәсіби спортшы ретінде өз қарымамы аяқтадым. Осындай шешім қабылдау маған оңай болған жоқ. Өздеріңіз білесіздер, ұзақ уақыт бойы арқамнан алған жаракат қатты мазалады. Өкінішке қарай, сырқаттан толықтай айыға алмадым. Соның салдарынан толыққанды жаттығу жасау мүмкін болмады. Қазіргі кезде мен Қазақстандамын. Жылдың соңына дейін елде болып, осы спорт түрін таңдаған балаларға көмектесіп, тәжірибеммен бөлісемін. Қазақстанда мөнерлеп сырғанауды дамытсам деп мен үнемі армандайтынмын. Міне, енді сондай мүмкіндік туды», – дей келе, өзінің ата-анасы мен бапкерлеріне, қолдау көрсеткен азаматтар мен жанкүйерлерге, Мәдениет және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитетіне және Қызылорда облысының әкімшілігіне зор алғысын білдірді.

Оның жанкүйерлерінде ки-мастық бар. Әрине, мұз үстінде әсемдік пен сұлулықты, өзгеріс деген тазалықты көрсете білген, сол арқылы барша жұртқа қуаныш сыйлаған қазақ кызының мұз үстінде ізі қалды. Ендігі үміт – оның өзі сияқты жүздеген шәкірт баптаса деген көптің тілеуінің орындалғаны. Әлі талай қарлығаштар Элизабет мектебіненмін дейтініне күмән жоқ.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

ҚАЗАҚ EPOS ЖЫР ЖАТТАУҒА ДАЙЫНСЫЗ БА?

Әдеби мұраны өскелең ұрпақтың бойына мольнан сіңіру, рухани байлықты жадында сақтауы аса маңызды. «Өткенін білмеген, болашағын болжай алмас» деген сөз бекер айтылмас керек-ті. Сол себепті ертеңгі күніміз жарқын болуы өткеніміз туралы ой бұлыңғыр болмауы тиіс. Міне, осы себептен жас ұрпақтың тарих пен әдебиетті біліп өскені маңызды. Осы мақсатта ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Qazaq Epos» қоғамдық қоры бірлесіп, мектеп оқушылары арасында «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауын жариялады.

Бұл әдеби мұра бәсекесі 25 қыркүйек пен 5 қараша аралығында Сыр өңірінде ұйымдастырылады. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Nur Otan» партиясымен бірлесіп өтетін шараға облыстың 6-10 сынып оқушылары қатысады. Жарыстың ережелері, ұйымдастыру жоспары туралы «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ләйла Төрешиова, облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығының директоры Айжан Қиянбекова мен «Qazaq Epos» қоғамдық қорының аймақтық өкілі Дәурен Омаров айтты.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының мәжіліс залында өткен баспасөз жиынында Ләйла Бегалықызы жарыстың мақсаты мен оның жүзеге асу жоспарымен бөлісті.

– Байқау қазақ халқының батырлық эпостарының бірі «Ер Едіге» жырын жатқа айту бойынша өтеді. Сайысқа қатысушы оқушылар «Едіге батыр» жырын жатқа оқып, Алтын орда мемлекетінің тарихи оқиғаларына қатысты сұрақтарға жауап беріп және жылда көздесетін көнерген сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп, қазақ әдебиетінің оқу бағдарламасы негізінде дайындалған сұрақтарға жауап беруі тиіс. Байқаудың негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бос уақытын тиімді өткізу, олардың шығармашылық қабілетін дамыту мен отансүйіштігі қасиет қалыптастыру», – дейді «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

«Тұлпар мініп, ту алған!» байқауына қатысып, жеңімпаз атанған оқушыларға арнайы жүлде қоры да қарастырылған. «Дарын» қосымша білім беру орталығының директоры Айжан Тұрғанбекқызының сөзіне сүйенсек, жарыс аудандық (қалалық) және облыстық деңгейде өтеді. «Аудандық кезеңде жеңімпаз атанған I орын иегері 150 мың, II орын 100 мың және III орын иегері 50 мың теңге акшалай сыйлықпен марапатталады. Сондай-ақ облыстық кезеңде жеңімпаз оқушыларға да арнайы жүлде бар. Мәселен, облыста I орын иегені оқушы 750 мың, II орын 350 мың және III орын иегері 200 мың теңге жеңіп алады. Одан бөлек, облыстық кезеңде шәкірті жеңімпаз атанған ұстаздарға да арнайы жүлде қоры табыс етіледі. Шәкірті облыстық кезеңде III орын алған ұстазға 40 мың, II орынға 700 мың және I орынға I млн 500 мың теңге табысталам. Жарыстың ұйымдастырылуына облыстық бюджеттен барлығы 10 млн 300 мың теңге қаражат бөлінді», – делі о.

Бұл «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауының үшінші жарысы. Бұған дейін де еліміздің мектеп оқушылары осы жарыста бақ сынады. Ал өткен жылы пандемияға байланысты жарыс бір жылға кейінге шегерілді. Десе де бұған дейін ұйымдастырылған шараға Сыр өңірінің 3000-нан астам оқушысы қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен.

– Қатысушылар «Едіге батыр» жырын жатқа айтып, қазақ әдебиеті оқулығы бойынша әзірленген сұрақтарға жауап береді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов бастаған ғалымдар жырдың К.С.Төбев нұсқасын таңдады. Ол мектеп бағдарламасына толық сәйкес келеді. Байқау кезеңдері бойынша жеңімпаз атанған жастарға және олардың ұстаздарына қомақты қаржылай сыйлық қарастырылды», – дейді «Qazaq Epos» қоғамдық қорының аймақтық өкілі Дәурен Сейтжанұлы.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ